

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 1 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 ақпанда № 5859 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қаласы әкімінің 28.12.2018 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Екібастұз қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Екібастұз қаласының және қаланың ауылдық аймақтарының аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Екібастұз қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы В.В. Ковальчук табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюдың басшысы болып тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімі орынбасарының міндетін атқарушы В.В. Ковальчукке жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

К. Нуменов